

2013 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 мамырдағы № 196 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 1 шілдеде № 4165 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 07-09/2354 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 28.12.2013 № 07-09/2354 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес және Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 1-177 ұсынысына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдері 2013 жылғы 5 маусымға дейін белгіленсін.

2. 2013 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әр бір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 1 мамырдан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

А. Тұрсынов

Ә к і м д і к т і н

2 0 1 3 жылғы 27 мамырдағы

№ 1 9 6 қаулысына

қосымша

2013 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

--	--	--

№	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері
1	Жазғы бидай	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
2	Күздік бидай	25 тамыздан бастап қыркүйекке дейін 10
3	Дәнді-бұршақ дақылдар тұқымдас	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
4	Майлы дақылдар	15 мамырдан бастап 30 мамырға дейін
5	Картоп	10 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
6	Көкөністер	25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін
7	Бақша дақылдары	25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін
8	Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	бірінші мерзім – 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін
9	Шабындық жерлерді шалғындандыру үшін егілген көпжылдық шөптер	бірінші мерзім – 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін
10	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс	15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК